Айдана Айтукызы Отыншиеваның «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбында 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына ресми рецензенттің берген

СЫН-ПІКІРІ

І. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі - Конституцияда және басқа да ірі заңнамалық актілерде бекітілген құқықтары, бостандықтары мен міндеттері құрайды. Бұл негізінен адамның қоғамдағы құқықтық мәртебесін, рөлін, мүмкіндіктерін, қоғамдық істерге қатысуын анықтайды. Әрине, бұл жағдай бірқатар басқа факторларға да байланысты болып келеді.

Адамның және азаматтың конституциялық құқықтық мәртебесі конституциялық құрылыстың негіздерінің бірі болып табылады. Ол адам мен мемлекеттің өзара қатынастар жүйесін, олардың өзара құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Құқықтық мәртебе объективті түрде саяси және құқықтық жүйенің артықшылықтары мен кемшіліктерін, демократия қағидаларын және осы қоғамның мемлекеттік негіздерін көрсетеді. Сондықтан оны дамытатын және қызмет ететін әлеуметтік құрылымның мәніне жүгінбестен оны дұрыс түсіну және ашу мүмкін емес.

Соңғы уақыттары жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етілуі адамзаттың жаһандық мәселесіне айналды. Елімізде бұл мәселенің кеңінен етек жаюы қоғамдық құрылыстың күрт өзгеруімен ұштасты.

Сондықтанда, қазіргі кезеңде жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне назар аудару қажеттігі туындады.

Сонымен қатар, жеке тұлғаның қазіргі құқықтық жағдайы оның тұрақсыз болуы, оның әлсіз әлеуметтік-құқықтық қорғалуы, сенімді кепілдік тетіктерінің жоқтығы, мемлекеттік билік құрылымдарының азаматтың мүдделерін, оның құқықтарын, бостандықтарын, өмірін, ар-намысын, қадір-қасиетін, мүлкін, қауіпсіздігін, тиімді қамтамасыз ете алмау қабілетімен сипатталып отыр.

Осыған орай, қазіргі заманның қоғамдық ғылымының алдында жеке тұлғаның құққытық мәртебесін зерттеу, адам құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін мұқият зерделеу міндеті тұр.

Осы тұрғыда А.А. Отыншиеваның ұсынып отырған диссертациялық қолжазбасы өзектілігімен ерекшеленеді және мәселені түбегейлі зерттеуге және оның түрлі аспектілерін жете талдауға арналған болып табылады.

II. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижелерінің жаңа ғылыми нәтижелердің сипатын ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған және қазіргі заманғы теориялық және әдіснамалық негізге сүйене отырып, келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже. Жаһандану кезеңінде жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары, міндеттері және жауаптылығы анықталды, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне авторлық анықтама ұсынылды.

Екінші нәтиже. Қазіргі кезде, елімізде, адам құқықтарының даму ерекшеліктері айқындалды, азаматтық институтын одан ары жетілдіру бағыттары ұсынылды.

Үшінші нәтиже. Ұлыбритания мемлекетінде жеке тұлғаның құқықтық жағдайы талданды, адам құқықтарының қорғалу ерекшеліктері қарастырылды.

Төртінші нәтиже. Қазақстанда және ұлыбританияда тұлғаның құқықтық мәртебесіне салыстыру жүргізілді, еліміздегі азаматтық институтын жетілдіруге бағытталған шет елдік практиканың ұтымды тұстарын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Бесінші нәтиже. Қазіргі кезде адам құқықтарын қорғаудың тиімді жолдары әзірленіп, шетелдік тәжірибенің оңтайлы тұстарын Қазақстанда қолдану туралы ұсыныстар жасалды.

III. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірніші нәтиже. Негізді әрі шынайы, өйткені жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтауға арналған монографиялық зерттеулерді, ҚР Конституциясын және өзге де қолданымдағы құқықтық актілерді зерделеу және талдау негізінде алынды.

Екінші нәтиже. Негізді әрі шынайы, өйткені еліміздің қолданымдағы заңдарды, Қазақстан Республикасын дамыту Стратегияларын, отандық ғылыми еңбектерді зерделеу негізінде алынды.

Үшінші нәтиже. Негізді әрі шынайы, өйткені Ұлыбритания мемлекетінің мұрағаттық қорының материалдарын, Ұлыбритания заңдарын талдау, шет елдік монографиялық әдебиеттерді және ғылыми мақалаларды зерттеу, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау практикасын зерделеу негізінде алынды.

Төртінші нәтиже. Негізді әрі шынайы, өйткені халықаралық-құқықтық құжаттарды, Ұлыбританияның құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасының заңдарын, отандық ғылыми еңбектерді талдау негізінде алынды.

Бесінші нәтиже. Негізді әрі шынайы, өйткені қолданымдағы Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, отандық және шет елдік ғылыми

еңбектерді, ғылыми мақалаларды талдау, шет елдерде адам құқықтарын қорғау практикасын зерделеу негізінде алынды.

IV. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағиданың) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші нәтиже. Бұл нәтиже ішінара жаңа болып табылады, өйткені осыған дейінгі зерттеулерде тұлғаның құқықтық мәртебесі біршама зерттелген болатын, бірақ та зерттеуші осы заманғы көзқарастарды пайдалана отырып жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін озіндік тұрғыдан анықтауға талпыныс жасаған.

Екінші нәтиже. Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші азаматтық институтын одан ары дамыту және жетілдіру жолдарын көрсеткен және ұсыныстар жасаған.

Үшінші нәтиже. Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші Ұлыбритания мемлекетінің заңдарын талдау барысында жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін, адам құқықтарының қорғалуы жолдарын зерттеген.

Төртінші нәтиже. Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші жеке тұлғаның құқықтық мәртебесіне қатысты шетел тәжірибесін еліміздің заңнамасына енгізу мүмкіндіктерін және жолдарын ұсынған.

Бесінші нәтиже. Бұл нәтиже жаңа болып табылады, өйткені зерттеуші адамдардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық практиканы зерттеген, адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар берген, шетелдік тәжірибені қолдануға бағытталған ұсыныстар жасаған.

V. Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Диссертациялық зерттеу - бұл өзекті теориялық және практикалық мәселелердің жаңа шешімдер кешенін қамтитын ішкі бірлікпен сипатталатын аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық зерттеудің құрылымы зерттеудің сипаты, деңгейі, мақсаттары және әдістемелік ерекшеліктері бойынша анықталады.

Тиісті өзекті мәселені шешуге бағытталған ізденушімен алынған нәтижелердің бағыты бекітуге мүмкіндік береді. Зерттеудің нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары - отандық заңнаманы жетілдіру бойынша нормашығарушылық қызметте; жоғары оқу орындарында «Мемлекет және құқық теориясы», «Конституциялық құқық», «Салыстырмалы құқықтану» және «Халықаралық құқық» курстарын оқыту барысында, оқу үдерісінде; ғылыми-зерттеу қызметінде; нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және енгізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

VI. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде барлығы 11 мақала жарияланды, оның ішінде ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған журналдарында 5 мақала, ғылыми-тәжірибелік

конференцияларда 5 мақала, халықаралық базаға кіретін Scopus компаниясының журналында 1 мақала жарық көрген. Олар мыналар:

а) бір мақаласы Scopus базасына енетін басылымда басылған:

1. Otynshiyeva A., Ibrayeva A., Castellino J., Baimakhanova D., Baikenzheyev A. International and legal aspects of citizenship on the basis of analysis of the legislation in Kazakhstan and Great Britain // International Journal of Public Law and Policy. - 25 Jan, 2019. - №6(2).-DOI: 10.1504/IJPLAP.2019.097539. – p.138-154. https://www.inderscience.com/info/inarticle.php?artid=97539

б) бес мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген баспаларда жарық көреген:

1. Отыншиева А.А., Ибраева А.С. Ұлыбритания заңнамасы бойынша азаматтық институтының мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2016. – 2(78).– Қазақ университеті. – 380-385 б.

2. Отыншиева А.А., Ибраева А.С., Байкенжеев А.С. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания мемлекетінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмдерін жетілдіру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журналы. – 2016. – №6 (42). – 55-58 б.

3. Отыншиева А.А., Ибраева А.С., Байкенжеев А.С. Институт гражданства: сравнительно-правовоǐ анализ законодательства Республики Казахстан и Великобритании // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2017. – 2(82). – Қазақ университеті. – с.12-23.

4. Отыншиева А.А., Ергали А.М., Кастеллино Дж., Ләзим А.М. The institute of Kazakh citizenship by Kazakhstani legislation // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2018. –3(87). – Қазақ университеті. – p.74-80

5. Отыншиева А.А., Исабеков А.К., Махамбетсалиев Д. The role of the US supreme court in the legal system // ҚазҰУ Хабаршысы Заң сериясы. – 2019. –1(89). – Қазақ университеті. – p.170-176

в) бес ғылыми мақала Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында басылып шығарылды:

1. Ибраева А.С., Кастеллино Дж., Оспанова Д.А. All about British citizenship // Eurasian Journal of Social Sciences and Humanities. – Kazakh University. – 2016. – 2(4). – p. 51-54

2. Отыншиева А.А., Ибраева А.С. Issues of Kazakh citizenship by Kazakhstani law // XI Международной научно-практической конференции. – «Наука и технологии: шаг в будущее – 2017». - Прага, 2017. – p. 82-86

3. Ибраева А.С. Тұрат Н. А., Отыншиева А.А. Азаматтық институтының шекаралары: шетелдік конституциялық-құқықтық жүйе аясында салыстыру // Материалы XII Международной научно-практической конференции «Научное пространство Европы – 2016». - Vol 5. Право: Наука и студия. – Польша, 2016. – 57-61 б.

4. Ибраева А.С., Отыншиева А.А. Қазақстандағы Көпмәдениеттіліктің (Мультикультурализмның) құқықтық аспектілері // Әлеуметтік ғылымдардың

«Әл-Фараби» атты I ХалықаралықКонгресі. – 11-14 май, 2017. – Газиантеп қаласы, Түркия. - 721- 726 б.

5. Ибраева А.С., Отыншиева А.А. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания мемлекетінде адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары: салыстармалызерттеу // Студенттер мен жас ғалымдарының “Фараби әлемі” атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – 10-13 сәуір, 2017 ж. // Алматы, Қазақстан. – 32-33 б.

VII. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертация жоғары бағаға лайықты, бірақ бірлі жарымды ұсыныстарды талап етеді:

1) Автор Ұлыбританиядаазаматтық институтының қалыптасуын және дамуын кеңінен талдауы керек еді. Британ құқығын егжей-тегжей талдап, британдық құқықтың ерекшеліктерін, азаматтық институтының өзгешеліктерін тереңірек зерттеуі қажет еді.

2) Диссертациялық жұмыстың авторы жаһандану процесстерін кеңінен зерттеуі керек еді, сонымен қатар жаһандану кезеңінде адам құқықтарын қорғау механизмдерінтереңінен сипаттау қажет еді.

Жоғарыда айтылған ескертулер тек ұсыныстық сипатта болып табылады және диссертацияның мазмұнына кедергі келтірмейді.

VIII. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сын пікір беруге ұсынылған жұмыс өзекті ғылыми мәселені шешуге ұмтылған, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің теория және практика үшінмаңыздылығы баржеке ғылыми ізденіс болып табылады.

Диссертацияның нәтижелері, қорытындылары, тұжырымдары өте жоғары деңгейге лайық, жұмысты өзекті тақырыпқа жазылған деп тануға болады.

А.А. Отыншиеваның «Қазақстандық және шетелдік заңнама бойынша жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі: Қазақстан Республикасы және Ұлыбритания мемлекетінің тәжірибесіне салыстырмалы-құқықтық талдау» тақырыбындағы диссертациясы қойылатын талаптарға сәйкес келеді және оның авторына 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
заңғылымдарының кандидаты,
М.ӘуезоватындағыОңтүстікҚазақстан
Мемлекеттікуниверситетінің
доценті **С.Б. Бейсебаева**